КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 11 желтоқсан № 1013-24-00-2/2812 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ергалиева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Семей медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Global Translation Company» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Семей медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының «Global Translation Company» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Global Translation Company» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Global Translation Company» жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы тарап осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы бір ай мерзімде

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 11.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 20.01.2025, судья Ергалиева А. Т., 20.01.2025
1013-24-3-1/2805

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Ергалиева**

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 11.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2025, судья Ергалиева А. Т., 20.01.2025

1013-24-3-1/2805